



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



«ҰЛТҚА
ҚЫЗМЕТ ЕТУ –
МІНЕЗДЕН»

6-7

● БАЛАЛАР ЖЫЛЫ – 2022



БАЛАҒА
МЕЙІРІМДІ
ҚАЛА

8

● КИНОКЕҢІСТІК



МҰҚАҒАЛИ ФИЛЬМІ
БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

12

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.11.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

2.11.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №128 (6263) 1 қараша, сейсенбі, 2022 жыл.

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ

АЙНАЛМА АВТОЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ



ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов Үлкен Алматы айналма жолы (БАКАД) құрылысының барысымен танысты.

3

● БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Алматыда «Kitap fest kids 2022» фестивалі өтеді



Алматы қаласында 5 қарашада KITAP FEST KIDS 2022 дәстүрлі кітап фестивалі өтеді. Жылдың ең ауқымды кітап фестивалі биылғы Балалар жылына орай ұйымдастырылып отыр.

12

● ҚЫСҚА...

- Түркістанда «Түркі әлемінің орталығы» салынады.
- Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, қазақстандықтардың 61,7%-ы қалаларда тұрады, бұл 12 миллионнан астам адам.
- 2022 жылдың қыркүйегіндегі жағдай бойынша Қазақстанда 2,4 миллионнан астам тұрғын үй тіркелген. Тұрғын үйлердің ең көбі Алматыда (164 мың) орналасқан.
- Қазақ балуандары Азия кубогының жеңімпазы атанды.
- Шорт-тректен Қазақстан құрамасы Монреальда өткен әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанды.

www.almaty-akshamy.kz




ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





БАУЫРЛАСТЫҚ



ТИІМДІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Екі ел арасында сауда көлемі артпақ

Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда көлемін 5-тен 10 млрд долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің баспасөз қызметінен мәлім етті.

Айта кетейік, Алматыда Ислам елдерінің стандарттары мен метрология институты (SMIIC) метрологиялық кеңесінің 11-ші отырысы өтіп жатыр. Отырыста 35 елден келген делегаттар метрология, техникалық реттеу және халал индустриясы мәселелерін талқылады.

«Осы мақсатта біз бүгін Қаз-Стандартпен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қойдық. Онда негізгі міндет жалпы өлшеу стандарттарын белгілеу және стандартты үлгілердің неғұрлым талап етілетін түрлерінің бірлескен өндірісін құру болып табылады. Бұл екі елдің өндірушілеріне өз өнімдерін экспорттауға көмектеседі. Осының нәтижесінде Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда көлемін

5-тен 10 млрд долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр», – деп мәлім етті «Tubitak Ume» Түркия метрология институтының бас директоры Мустафа Четинташ.

Қазақстан стандарттау және метрология институтының бас директоры Ғабит Мұхамбетовтың айтуынша, биыл Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің өзара жоспарлы тауар айналым көлемі 14 млрд доллардан асады.

«Қазақстанның SMIIC-ке қатысуы және осы кездесуге төрағалық етуі Азия мен Еуропаны біріктіретін, әлемдік аренада өзара тиімді ынтымақтастық алгоритмдерін құратын еуразиялық хабқа айналып келе жатқанын айғақтайды. Халал индустриясы – әлемдік экономикадағы қарқынды дамып келе жатқан трендтердің бірі. Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдерінің 2022 жылға арналған тауар айналымының көлемі 14 млрд доллардан асады. Халал өнімдерінің әлеуеті азық-түлік саласынан басқа ауыл шаруашылығы, фармацевтика, косметика, тоқыма және аяқ киім өнеркәсібін де қамтиды», – деді Ғабит Мұхамбетов.

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.

МИНИСТР

ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ КЕРЕК



Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев Алматы халқымен кездесті.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кездесуде қаланың экологиялық жағдайы бойынша көптеген мәселелер талқыланды. Министр өз есебінде Алматының бірнеше жылдан бері ең ластанған қалалар тізіміне енгенін атап өтті. Жыл сайын қала атмосферасына шамамен 138,7 мың тонна ластаушы заттар шығарылады. Ластану жылу көздерінің (ЖЭО-2 және ЖЭО-3), жеке тұрғын үйлердің шығарындыларымен және автожолдардың көлікпен, оның ішінде транзитпен толып кетуімен байланысты. Бұдан басқа, мегаполис ауасының жай-күйіне Алматы облысының 3 іргелес ау-

дандарындағы газдандырылмаған өңірлердің шығарындылары теріс әсер етеді.

Осылайша 9 ай ішінде ел бойынша атмосфераға 900 мың тоннаға жуық ластаушы заттар келіп түскен, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңінен 18%-ға төмен (1,1 млн тонна). Алматыда 31,9 мың тонна келеді, бұл осы кезеңнен 28,4%-ға аз (44,6 мың тонна).

Министр сондай-ақ, Алматының экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар кешені алматылықтардың пікірлерін ескере отырып әзірленгенін атап өтті. Осыған сүйене отырып, қаладағы экожүйені бақылау бекеттерінің саны 16-дан 40-қа дейін өскені айтылды. Бұл ретте барлық жаңа бекеттерді қоғамдық ұйымдардың

күштері ұйымдастырып, Қазгидрометпен бір мониторингтік желіге біріктірді. Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімдігі Азия даму банкінің көмегімен Қазгидрометтің AirKZ мобильдік қосымшасына интеграцияланатын тағы 50 датчик орнатынын мәлімдеді.

ЖЭО-ны экологияландыру бөлігінде газ турбиналарын салу арқылы барлық ЖЭО-ны дамыту туралы шешім қабылданды. ЖЭО-2 және ЖЭО-3 бойынша ТЭН-ге мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Ашық тендер өткізіледі. Жұмыстарды 2026 жылы аяқтау жоспарлануда. Бұл ЖЭО-2-дегі шығарындыларды 94%-ға, 38-ден 2 мың тоннаға дейін, ЖЭО-3-дегі шығарындыларды 83%-ға, 12-ден 2,0 мың тоннаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Алматы әкімдігі дизельді қоғамдық көлікті сатып алуға тыйым салды. Қазірдің өзінде 827 электр және газ автобустары сатып алынды. Осы жылдың соңына дейін экологиялық таза қоғамдық көліктің жалпы саны 40%-ды құрайды, ал 5 жыл ішінде қалалық көлікті толығымен газ бен электр энергиясына ауыстыру жоспарлануда.

Стихиялық қоқыс үйінділерін құру мәселесі бойынша қауіпті қалдықтарды қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындарға лицензиялар беру басталғаны, қоқыс шығаратын кәсіпорындардың тізілімі құрылғаны және қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын бұзғаны үшін (жеке тұлғаларға 10 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейін) айыппұлдар ұлғайтылғаны айтылды.

Кездесу барысында қала қырылысы кезіндегі жел режимін есепке алу, су шаруашылығы және экологиялық туризмді дамыту мәселелері де қозғалды. Ал соңына қарай қала тұрғындары «Еркін микрофон» арқылы өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоюға мүмкіндік алды.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

БЕЛЬГЕРДІ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚ ЖОҚ

Достық үйінде белгілі прозашы, публицист, аудармашы Герольд Бельгердің тұлғасына арналған еске алу кеші өтті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараға Герольд Бельгердің жары Раиса Зәкірқызы, достары мен жақындары, шәкірттері, зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері, «Возрождение» Алматы немістер этно-мәдени қоғамының, «Wiedergeburt» немістер кеңесінің өкілдері қатысып, белгілі тұлға туралы естеліктермен бөлісті. Еске алу кешіне қатысқан мектеп оқушылары шығармаларынан үзінді оқып, арнайы әзірленген көрмені тамашалады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Герольд Бельгер 53 кітаптың авторы. Қазақ әдебиетінің Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов секілді классиктерінің шығармаларын орыс тіліне аударды. Еңбектерінде ол Абайдың сан қырлы шығармашылық дарынына, ақындық құдіретіне, жаңашыл дәстүріне шолу жасады. И.В.Гете мен А.Күннанбаев шығармалары үндестігіндегі заңдылықтарын талдады. Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» шығармасы негізінде туындаған М.Ю.Лермонтовтың «Тау шындары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдеріндегі поэтикалық рухани бірлігін, әлеуметтік ой-толғауындағы жақындық пен тамырластықтың түп төркінін ашып көрсетті. Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуындағы жай-күйіне, ақынның кемел ойы мен көркем теңеулерін тәржімелеудегі кемшіліктерге, текстологиялық ала-құлалықтарға, жаңсақ жазылған сөздерге тоқталды.

Б.Майлин, Х.Есенжанов, Ө.Нұрпейісов, Ө.Кекілбаев, Д.Досжанов, т.б. қазақ жазушыларының бірқатар шығармаларын орыс тіліне, А.Раймген, Э.Кончак, Н.Ваккер, т.б. неміс жазушыларының жекелеген туындыларын неміс тілінен орысшаға аударды. 20-ға жуық жинақтың құрастырушысы және жекелеген әңгіме, мақалалары енген 25-тей жинақ бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмат САХИҰЛЫ, публицист, жазушы: – Герағамен 20 жыл дос болдық. Кейін «Тамыр тамыров» деген кітабының қолжазбасында мен туралы былай деген: «Сен Мұрат Әуезовтен кейінгі менің тамырымсың». Осылай жазып, кітаптарын маған сыйлаған күннен бастап мен Герольд Бельгердің тамыры болдым. Ол кісі өмірінің соңғы 5-6

жылы ішінде барлық кітабын маған сыйлап кетті. Кітаптың бәріне қолжазба жазып берді. Қайтыс болғаннан кейін Герағаңның қызымен бірге ол кісі туралы ақпараттарды, еңбектерін жинастырып, «Аңыз адам» журналына бердік.

Герольд Бельгер – менің ұстазым әрі тамыр ағам. Ол кісіге мен «әл-Дивани» деп ат қойғанмын. Соңғы кездері көп жүрмеймін, отырмаймын. Диванға жатып алып жазамын» деген еді. Сосын «әл-Дивани» болмай, кімсің?» деп қалжыңдап айтқаным бар.

Замандас жігіттер «Сен Асқар Сүлейменовтен кейін үйінде жиі қонақта боласың» дейді. Көп көріспей қалсақ, өзі «Алмат, үйге кел, Қостанайдан соғым келді. Сыбағанды алып кет!» деп қоңырау шалатын.

Кейде «қазақша түс көремін» дейтін. Айта берсек, ол кісі туралы естелік өте көп.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ

айналма автожолының құрылысы аяқталды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Үлкен Алматы айналма автожолының құны 150 млрд теңге. Бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында қолға алынған Орталық Азиядағы ең ірі инфрақұрылымдық жол құрылысы жобасы.

«Қазіргі уақытта бүкіл автомобиль жолы бойынша жұмыстар аяқталды. Бұл жобаны іске асыру көлік қызметі сапасын арттырады. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, автомобильдердің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтады. Алматы қаласын еркін аралауға мүмкіндік береді», – деді автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Амангелді Беков.

Оның айтуынша, жол пайдалануға берілген кезде Алматыда көлік ағыны тәулігіне 40 мыңға қысқарады. Тиісінше, Қытай мен Еуропа арасындағы жүк тасымалының көлемі артады.

Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, «БАКАД» жобасы белгілі бір проблемаларға байланысты бірнеше рет өзгеріске ұшыраған. Мысалы, үлкен айналма жол кейбір елдімекендерді бөліп, жолаушылардың қозғалысын қиындатты. Осы мәселе бойынша үш жаяу жүргіншілер өткелі, 1 жерасты өткелі салынды. Яғни құрылыс кезінде халықтың қажеттілігіне назар аударылды.

Естеріңізге сала кетейік, 2009 жылғы тамызда әлемдік қаржы дағдарысына байланысты жол құрылысы тоқтатылған болатын. 2018 жылы құрылыс қайта басталды.

Жобаның негізгі кредиторлары Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық даму банкі және Ислам даму банкі болып табылады.



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының өкілдері Наурызбай ауданындағы «Алма Сити» тұрғын үй кешенінің 28 үйі жылыту жүйесіне неліктен қосылмағанын түсіндірді.

Жұмыс барысы қайта қаралып жатыр

«Қазіргі таңда «Алма Сити» Е5 тұрғын үй кешені пайдалануға берілмеген және қала балансында емес. Сонымен қатар, тұрғын үй кешені бойынша коммуналдық кәсіпорындар қол қоюға тиіс нысанның дайындығы туралы декларация жоқ. Тұрғындарды пайдалануға берілмеген үйге орналастырғаны үшін «Qazaq Stroy» ЖШС құрылыс салушы компаниясы жауапты. «Qazaq Stroy» мәселені шешіп, үйлерді орталық жылумен тезірек жабдықтауға қосу үшін қажетті шараларды қабылдап жатыр. Құрылыс салушы өз міндеттемелерін орындау бойынша кепілхат ұсынды», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар, барлық техникалық құжаттаманы алған соң «Алматы жылу желілері» ЖШС қызметкерлері тұрғын үйлерді тұрақты жылумен жабдықтауға қосу мүмкіндігін бағалау үшін қайтадан тексереді.

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.



ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫС

Горельниктегі алаң жаңартылды

Медеу патқалынан жоғары орналасқан Горельниктегі табиғи ыстық су шығатын бастаудың жаңартылған алаңы қолданысқа берілді. Жөндеу жұмыстары кәсіпкер Сергей Спицынның өз қаражаты есебінен жүргізілді.



Досбол
АТАЖАН

Айта кеткен жөн, Горельник алаңындағы абаттандыру жұмыстары алғаш рет 2016 жылы меценат С.Спицынның өз қаражаты есебінен жүргізілген болатын. Нәтижесінде су рәсімдері, демалу және спортпен шұғылдану үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Бүгін жаңартылған алаңның іске қосылуына орай оның ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Сәбина Аманкелді, кәсіпкер, экоактивист Сергей Спицын, Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің директоры Алмас Аттапханов және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

– Ыстық су шығатын бастаудың құбырларын, суға түсуге арналған бөшектерді және спорт алаңын жаңарттық. Бұрынғыға қарағанда спорт алаңы үш есе үлкейді. Адамдарға жайлы демалыс орындарын жасап, ыңғайлылық үшін көптеген жерді жасанды шөппен жаптық. Барлық алматылықтарды мұнда келіп спортпен айналысуға, суға түсіп, денсаулықтарын күшейтуге шақырамын. Бәрі тегін. Тек бір өтінірім – жаңартылған аймақты аялап ұстайық, – деді Сергей Спицын.

Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілдері С.Спицынға азаматтық белсенділік танытып, қаланы көркейтуге үлес қосқаны үшін алғыс айтты.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ТЕГІН КӨШЕТ ТАРАТЫЛДЫ

Бостандық, Наурызбай және Алатау ауданының тұрғындары белсенді

Алматы қаласының Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы «Жасыл аула» дәстүрлі акциясын қорытындылады. Тегін көшет алуға алматылықтардан барлығы 200-ге жуық өтінім келіп түсті, оның ішінде 1700 көшет алуға 133 өтінім мақұлданды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бостандық, Наурызбай және Алатау ауданының тұрғындары аса белсенділік танытты. Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары өтініштер бойынша көшеттерді тарату жұмыстарына кірісіп кетті.

Еске салсақ, бұған дейін Алматыда қала тұрғындарына көшет тарату бойынша «Жасыл аула» акциясының басталғаны туралы хабарланған болатын. Қалада көпқабатты үйлер аласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті алматылықтарға шаған, үйеңкі, шегірішін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін алуға мүмкіндік берілді.

Ағаш отырғызу жұмыстары ағымдағы жылдың 27 қазанынан бастап жүргізіле бастады. Көшеттерді тарату 3 қарашаға дейін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ұлжан-2» шағынауданы, Бертайызы к-сі, 24 мекенжайында жүзеге асырылады. Ескерте кетейік, көшеттерді отырғызғаннан соң олардың фотоесептерін жіберу қажет.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыссыздық тақырыбы күн тәртібінен әлі де түсе қойған жоқ. Ол – бүгінгі қоғамда бар мәселе. Сондықтан да жұмыссыздықпен күрес Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының негізгі бағыттары болып саналады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Халықты жұмыспен қамту орталығы азаматтар мен жұмыс берушілерге делдалдық қызметтер көрсетеді, яғни

Екі тарапты жақындастырады

жұмыс іздеп жүрген адам мен бос жұмыс орны бар кәсіпорын басшылығының арасын жалғайды. Сондай-ақ, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді іс-шараларын және тұрғындарды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды жүзеге асырады.

Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына, біріншіден, субсидияланатын жұмыс орындары (әлеуметтік; қоғамдық жұмыстар; «Жастар тәжірибесі»; «Алғашқы жұмыс орны»; «Ұрпақтар келісім-шарты»; «Күміс жас» жобалары) жатады.

Екіншіден, тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, соның ішінде Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылып жатқан түрлі жобаларға жүйелі түрде қатысу жатады.

Үшіншіден, жұмыс берушілердің

сұрауы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдама беру; жұмыс берушілердің жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жолдама беру.

Төртіншіден, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға (400 АЕК-ке дейінгі бастапқы бизнесті қайтарымсыз негізде жүзеге асыруды жоспарлағандар үшін) гранттар беруді үйлестіреді.

Сіз егер жұмыс іздеп жүрген болсаңыз, жоғарыда айтылған түрлі жобалар туралы толығырақ қанық болғыңыз келсе, Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығына (Достық даңғылы, 85-үй, байланыс нөмірі 7 (727) 310-21-31) келіңіз. Онда өзіңізді толғандырып жүрген сауалдарға мамандар толыққанды жауап беріп, жол көрсетеді.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

АЛМАТЫ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһардың тауы мен суы, жасыл-желегі мен апортына тамсанбайтын жан кемде-кем. Табиғаттың өзі тарту еткен осындай тамашасы бар әсем қалаға келетін туристер саны бүгінде арта түскен. Демек, қонақ көп келетін алып шаһар өркениеттегі елдердегідей заман талабына сай қала болуы маңызды. Ол үшін бізге сапалы жол, қуатты энергетика, байланыс және сумен жабдықтау желілерін қамтитын озық үлгідегі инфрақұрылым қажет.

Бүгінгі Алматының орталығы жоғарыдағы айтылған қажеттіліктердің барлығымен қамтамасыз етілген. Биік ғимараттар, тұрғын үйлер, ескерткіштер мен тарихи маңызы бар нысандар, тегістей түзу жолы мен түнгі уақытта самаладай жарқыраған шамдар – бәрі-бәрі заман талабына сай орныққан. Ал қалаға кейіннен қосылған елдімекендерде инфрақұрылымның қалай дамып келе жатқанына өзіміз куәміз.

Мемлекет басшысы Алматыға келген сапарларының бірінде қаланың ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясына сәйкес, Алматы өмір сүруге қолайлы және жалпыға бірдей тең мүмкіндік беретін қалаға айналуға тиіс екеніне тоқталып, осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндет жүктеген болатын.

Рас, мегаполисті инфрақұрылымдық тұрғыдан дамыту мәселесі өзекті. Мемлекет басшысының Түркісіб және Жетісу аудандарындағы ескі үйлерді қайта жаңғырту, кейіннен қосылған елдімекендерді қажетті инфрақұрылымдармен қамту, сонымен қатар көгалдандыру, қаладағы тазалықты сақтау, құрылыс кезінде сейсмологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, таулы аумақтардан жер телімдерін беруге қатаң бақылау орнату мәселелері жайындағы міндеттемелері бүгінде басты назарда тұр.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР
АУЫСАДЫ

Президент тапсырмасы шеткі аудандардың дамуына, қаланың экономикалық жағдайына жаңа серпін бергендей. Бүгінде қалаға кейіннен қосылған елдімекендердің барлығы қарқынды даму үстінде десек болады. Бұл ретте мегаполис әкімі Ерболат Досаевтың алматылықтармен өткізіп жатқан кездесулерінің пайдасы мол. Өрбір ауданға барған сайын қала тұрғындарының өтініші мен талап-тілегін тыңдап, дер кезінде тиісінше шешім шығару да істің алға басыуна себепші екені сөзсіз. Мәселен, Әуезов ауданына қарасты «Достық» шағынауданында 22 көшеде канализация жүйесі жоқ. «Мамыр-4» шағынауданында және Арычная, Ықылас, Западная көшесінде сумен жабдықтау және су бұру желілері тозған. Қала басшысы бұл мәселені шешу үшін инженерлік желілердің елеулі жаңартуды қажет ететінін айтқан-ды. Осыған орай биыл қажетті аймақтарда сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу үшін 2 жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жоспарланған. Егер әзірленген құжаттама мемлекеттік сараптамадан өтсе, 2023 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау көзделіп отыр. Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес жауапты сала мамандары бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Алатау ауданында да жұмыстар ойдағыдай іске асуда. «Ақбұлақ», «Өжет» және «Самғау» шағынаудандары бойынша сумен

Шаһар инфрақұрылымы жыл санап жақсарып келеді. Әсіресе, шеткі аудандарда құрылыс жұмыстары қарқынды. Күн тәртібінен түспейтін мұндай істердің жүйелі жүргізіліп келе жатқанына тұрғындар да куә.



қамту желілері салынып, оларды іске қосу жұмыстары жүргізілді. Қала әкімінің айтуынша, қосымша 6 шағынауданда жалпы ұзындығы 207 шақырым болатын орталық сумен қамту және су бұру желілері салынып, оған жылдың соңына дейін «Шапағат», «Қарасу», «Алғабас» шағынаудандарының тұрғындары су құбыры желілеріне қосыла алады. «Шаңырақ-1» шағынауданында сумен жабдықтау және су бұру жұмыстары, сонымен қатар 10 канализациялық сорғы станциясының жұмыстары жүргізілуде. Ал қалған шағынаудандар бойынша жұмыстарды 2023 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр. «Теректі» шағынауданында 44 шақырым су және 32 шақырым кәріз желілерінің құрылысы басталып, аталмыш жұмыстар 2024 жылдың желтоқсанына дейін жүргізілмек.

Алматы – миллиондаған тұрғыны бар алып қала екенін ескеретін болсақ, мұнда әлі де атқарылар шаруа шаш-етектен. Бұл жұмыстардың ешқайсысы бір жылда атқарыла салмайтын тірлік. Жақсы нәтижеге жету үшін жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіледі. Мәселен, Медеу ауданындағы жаңадан қосылған аумақтарда базалық әлеуметтік инфрақұрылым жоқ. «Мұзтау», «Көлсай», «Сұлусай» және «Кеңсай» шағынаудандарында сумен жабдықтау орталықтандырылмаған және су көзі жоқ. Электрмен тұрақты қамтамасыз ету де «Кеңсай» мен «Каменское плато» шағынаудандарында өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Жыл соңына дейін 11 трансформаторлық қосалқы станция мен 35 шақырым электр желісін қайта құру жоспарлануда. Нәтижесінде «Кеңсай» және «Каменское плато» шағынаудандарында электрмен қамтамасыз ету 60%-дан 85%-ға дейін артады.

БАСПАНА – БАСТЫ
ҚАЖЕТТІЛІК

Алматыда халықты қолжетімді және жайлы баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған кешенді құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Әсіресе, қаланың шеткі аудандарында бұл жұмыс қарқынды дамуда. Мәселен, Наурызбай ауданында 137 мың адам тіркеуде тұр. Халық саны артуына байланысты

тұрғын үй құрылысы белсенді жүріп жатыр. Өткен жылы ғана 146 үй пайдалануға беріліп, шамамен 50 мың адамға арналған 263 үйдің құрылысы жалғасып жатыр. Биыл «Алматы жастары 3.0» бағдарламасы шеңберінде «Жас Қанат» шағынауданында және «Alma City-5» тұрғын үй кешенінде 2935 пәтерлі 62 көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгінде баспаналы болып, алматылық атанған тұрғындар өз үйлерінде тұрып жатқан жайы бар. Алматы әкімдігі 2025 жылға дейін тұрғындарды 100% пайыз газбен жабдықтау бағдарламасын қабылдаған. Мамандардың айтуынша, бүгінгі таңда 99 пайызы газ құбырына қосылған, газ құбыры жүргізілген. Демек, қала халқы толықтай газбен қамтылған деуге болады.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ДА ЖҮЙЕЛІ

Үстіміздегі жылы да жол жөндеу жұмыстары назардан тыс қалған емес. Алматының жолдары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсарды. Орталық көшелері тегістей түзу болғанымен, кейде инженерлік желілердің тозуы немесе апатты жағдай орын алған кездері қазылып жататыны бар. Мұндай жұмыстар орталық көшелерде де көрініс бергенімен, көп ұзамай қалпына келтіріледі. Жақында Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен жауапты басқарма басшыларының, аудан әкімдерінің, көлік компаниялары мен ғылыми мекемелер өкілдерінің қатысуымен 2022 жылға арналған Алматы қаласының көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Онда ағымдағы жылға арналған жол инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жос-

парын орындау жөніндегі есеп тыңдалды. Мамандардың айтуынша, биыл барлығы 70 шақырым жаңа жолдың құрылысы жүргізілуде. Жол жұмыстары энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен келісе отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай орындалып жатыр. Орташа жөндеу жұмыстары аясында ұзындығы 219 км 221 көшеде, оның ішінде қаланың 18 магистральды көшесінде жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 87 көшеде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, жыл басынан бері 1712 жаңа жол белгілері орнатылып, 52 бағдарламашы нысаны іске қосылды, 184 мың шаршы метр жол белгілері жасалды, 1200 метр жол қоршауы орнатылды.

Жекелеген аудандарды айтар болса, мәселен, жыл басынан бастап Әуезов ауданында ұзындығы 24,5 шақырым болатын 22 көше мен өтпе жолдарда орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ұзындығы 17,9 шақырым болатын 20 көше мен өтпе жолдарда жұмыс аяқталды. Қараша айының соңына дейін Саин (4,7 шақырым) және Навои (1,8 шақырым) көшелерінде орташа жол жөндеу жұмыстары аяқталады. Ауданы 16,8 мың кв. метр болатын 60 көше учаскелеріне ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Медеу ауданында көлік инфрақұрылымын жақсарту үшін 1 млрд теңгеге ұзындығы 5,7 шақырым Шығыс айнама автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал жыл басынан бастап 1,4 млрд теңгеге ұзындығы 21,4 шақырым 29 көшеге орташа жөндеу жұмыстары қолға алынған. Бүгінде 27 көше бойынша жұмыстар аяқталды. Уәлиханов көшесі мен Горный тұйық көшесі бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Жұмыстар ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін аяқтауды жоспарланған.

Бүгінде тек қалаішілік көлік жолдары ғана емес, Алматыны елдімекендермен жалғайтын жолдар да жөнделіп, әсіресе БАҚАД айнама жолы аяқталатын болса, қатынас бұрынғыдан да жеңілдей түсетіні сөзсіз.

МӘДЕНИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
ДА ТОЛЫҒЫМЕН ЖАҢАРМАҚ

Алматыны дамыту бағдарламасын іске асыруда 2030 жылға қарай қаланың мәдени инфрақұрылымын толық жаңарту, сондай-ақ қаланың барлық аудандарында теңдестірілген мәдениетті дамыту қарастырылған. «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» құжатына сәйкес қолданыстағы мәдени инфрақұрылымды жаңарту бірнеше кезеңде жүргізіледі. Яғни 2025 жылға дейін – 60%-ға, 2030 жылға дейін – 95–100%-ға дейін толық жүзеге асады.

Заманауи инфрақұрылымның пайда болуы қалаға халықаралық іс-шаралар саны мен аудиторияны қамту бойынша Орталық Азияда көшбасшы болуға мүмкіндік береді. Сервисті жақсарту маңызды басымдықтардың бірі болады. Барлық қалалық мәдени институттар ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімделеді, қызмет көрсетуді цифрландыру және автоматтандыру жүргізіледі.



● ТҮЙІН:

Алматы әкімінің қала тұрғындарымен кездесулерінде атап өткендей, мегаполисте бұдан өзге де көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінгі күнге дейін жасалған жұмыстар да нәтижесіз емес. Дейтұрғанмен, келер күннен де күтетініміз көп.





САЙЛАУ-2022

БАҚЫЛАУШЫЛАР МЕКТЕБІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Алматыда Партиялық емес бақылау орталығының баспасөз конференциясы өтті. Онда алматылық бақылаушылар мектебі өз жұмысын бастағаны хабарланды.



Досбол АТАЖАН

Жиынға Партиялық емес бақылау орталығы Алматы қалалық филиалының төрағасы Александр Братенков, Бақылаушылар мектебінің оқытушылары – Бекнұр Кисиков, Каиржан Абдыхалыков, Қарлығаш Усеинова қатысты.

А.Братенков сайлау барысында дайындығы бар бақылаушылар қызметінің қаншалықты маңызды екенін айтып өтті:

– Сайлау қаншалықты әділ әрі ашық өтсе, халықтың жаңа Президентке деген сенімі де соншалықты жоғары болады. Ал халықтың қолдауы бар кезде Мемлекет басшысы өз міндеттерін ерікті түрде танытады. Сондықтан алдағы кезектен тыс өтетін Президент сайлауы барынша әділетті өтуі үшін бақылаушылар жұмыс істейді. Олар заңға сәйкес сайлау барысына қатысып, ешқандай құқықбұзушылықтың орын алмауын қадағалайды. Өз азаматтық белсенділіктерін ерікті түрде танытады. Бақылаушылар өз міндеттерін барынша тиімді атқаруы үшін Алматыда екі жылдан астам уақыт Бақылаушылар мектебі жұмыс істеп келеді. Оның мақсаты – бақылаушы болам деген адамдардың біліктілігін арттыру, – деді Алматы қалалық филиалының төрағасы Александр Братенков. Сондай-ақ, ол шаһарымызда сайлаушылардың қаншалықты белсенді боларына болжам жасады:

– Соңғы деректерге сүйенсек, Алматыда 1 миллион 200 мыңға жуық сайлаушы бар. Алайда, мегаполисте саяси белсенділік тым жоғары деп айта алмаймыз. Сондықтан барлық сайлаушылардың 30–35 пайызы өз дауыстарын береді деп күтеміз. Жалпы қалада 600 сайлау орталығы бар, оның 531-і – ашық мекемелер. Осы ашық мекемелерде тәуелсіз бақылаушылар болады. Қазір өз өкілдерін бақылаушы ретінде дайындау үшін «Жастар үні», «Қоғамдық пікір» сынды қоғамдық бірлестіктер бізбен байланыс орнатуда. Жалпы, сайлау басталғанша 3 мыңға жуық адамды дайындаймыз деп ойлаймын, – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры:

Маңызы зор қадам



Президенттік сайлау – халықтың бірігуінде, бағыт-бағдарымызды айқындауда және ертеңгі күнге деген сенімді нығайтуда маңызы өте зор. Қандай жағдай болмасын, қазақ халқы алдағы сайлауда ынтымақтастығын көрсете алады деп ойлаймын. Соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырғаны көрер көзге белгілі.

Сайлау – елдің бүгінгі мен ертеңіне тікелей әсер ететін науқан. Сәйкесінше, кезекті науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін жұмыстарды бастап бермек. Сол арқылы экономиканы тұрақты дамыту, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Ендеше, әрбіріміз сайлау науқанының ашық әрі әділ өтуін қадағалауға, оған белсене араласуға міндеттіміз. Жаңа Қазақстан құрудағы қадамымыз оңынан болсын.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілетін азаматтар:

- шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген
- жеке шақыру бойынша келген
- қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген

Оларда ҚР азаматы деген жарамды паспорты болған жағдайда

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімімен сайттарда танысуға болады:

www.election.gov.kz
www.gov.kz/memleket/entities/mfa

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Бақылаушылар мектебінің оқытушысы Қарлығаш Усеинова бақылаушылар дайындау барысы қалай өтетінін айтты:

– Біз мұндай дайындықты бірінші жыл өткізіп жатқан жоқпыз. Болашақ тәуелсіз бақылаушыларды көптеп дайындау арқылы жалпы қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттырғымыз келеді. Негізінен, әр бақылаушы сайлау

туралы заңнаманы, бақылаушыларға қатысты баптарды білуі және оны шыннай өмірде пайдалана алуы керек. Біз осы мектепте бақылаушыларды барынша дайындауға тырысамыз. Мұнда бұрын тәуелсіз бақылаушы болған адамдар да, мүлде сайлауға қатысып кormeген адамдар да келіп, біліктілігін арттыра алады, – деді Қарлығаш Усеинова.

Ақерке ИСКЕНДЕРОВА,
«Жастар рухы» жастар қанатының мүшесі:

Жастарға заманауи, жаңашыл бағыттар керек



Жастармен бір ортада жүргендіктен, мен де жас азамат ретінде өз пікірімді білдіргім келеді.

XXI ғасыр жастары – айдағанға көнетін, итергенге жүретін жастар емес. Өрқайсысының өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасқан, таңдау еркі бар азаматтар. Олар кейбір аға буын өкілдеріндей бұғып қалып, айтқанды ғана жасамайды. Ол заман өтті десем де болады.

Жастарға заманауи, жаңашыл бағыттар керек. Заманауилық дегенде ұлттық құндылықтарды да естен шығармайды. Олар, яғни біздер, жарқын ел болашағының бір үлесі өзімізге тиесілі екенін түсінеміз. Еліміздегі саналы жас азаматтар осы өзгерістер нәтижесін көру үшін соған лайықты жұмыс та

жасауы тиіс. Біз қалағандай өзгерістерге қол жеткіземіз десек, қазір өткізіліп жатқан реформалардың айналасында шоғырлануымыз керек деп санаймын.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қоюы да реформалар тізбегінің іске асуының бастамасы. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих демекші, әр күніміздің тарих беттерінде сақталып қалатынын естен шығармағанымыз абзал.

ЖОЛДАУ-2022

Расул РЫСМАМБЕТ,
қаржыгер:

Ұтымды ұсыныстар бар



Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы жаңа Жолдауында жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру керектігін айтты. Меніңше, бұл өте жақсы ұсыныс. Президентіміздің бұл бастамасы негізінде билік қандай

кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыратынын нақты шешу қажет. Кәсіпкерлерді қолдау деген тек қаржыландыру емес. Оларға салық жағынан не логистика тұрғысынан да көмектесу керек. Яғни кәсіпкерлер тек өнім өндіріп қоймай, оны мақсатты нарыққа жеткізе алуы маңызды. Қазіргі таңда облыстар мен өңірлер арасындағы сауда қарқыны төмен. Сондықтан қалалар арасында сауда жасайтын, өнімдерін жеткізетін кәсіпкерлерге субсидиялық көмек берген дұрыс. Сондай-ақ, билік тарапынан жол инфрақұрылым ретке келтіру де маңызды мәселе.

Екіншіден, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру қажеттілігі туралы хабарлады. Бұл тапсырма орындалуы үшін мемлекеттік сатып алулар жүйесін реттеу қажет. Мемлекет басшысының өзі айтпақшы, «Самұрық Қазына», «ҚЖТ» сынды ірі компаниялар мемлекеттік жеңілдіксіз әділ бәсекеге түсуі керек.

Үшіншіден, ұлттық табысты әділ бөлу керектігі де айтылды. Бұл ұтымды ұсыныс. Дегенмен, Президент тапсырмасының қалай іске асатынын маңызды. Түптеп келгенде, ұлттық табыстың қаражаты балаларға жететіндей жүйе қалыптастырған жөн.

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ КАНДИДАТЫ:

Бастамалар өте дұрыс



Мемлекет басшысы өз Жолдауында «экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді» деп айтты. Экономика ол толқын секілді бір көтеріліп, бір түсіп дамып отырады. Жалпы, экономикалық саясат өзгер-

мегенімен, әр мемлекеттің өзіндік даму бағыты болады. Сондықтан Президентіміздің Жолдауда көтерген мәселелері өте орынды. Біз «Жаңа Қазақстан» құрамыз деп шектен тыс жаңа бағдарламалар қабылдаудың қажеті жоқ. Оның орнына осыған дейін бекітілген нақты бағытта жұмыс істеген жөн. «Жоктан бар жасаймыз» деп ысырапшылыққа жол бермеу керек.

Сондай-ақ, Президентіміз айтқан басты бағыттардың бірі – жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру. Негізінен, кәсіпкерлік үшке бөлінеді: шағын, орта және ірі. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне қарайтын болсақ, оларда шағын, орта кәсіпкерліктің үлесі 60–70 пайыздан асады. Біз оған жете алмай отырмыз. Бізде көбінесе ірі кәсіпорындарға мән беріледі де, шағын және орта бизнес өкілдері қажетті көмек алмай жатады. Өлемдік тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерліктің нәтижесінде ірі кәсіпорындар пайда болады. Мысалы, көрші өзбек елінде кәсіпкер алдымен кішкентай шәйхана ашады. Содан ол дәмхана ғана, уақыт өте үлкен мейрамхана айналып, әртүрлі қалаларда ашылады.

Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерліктің бірі ерекшелігі – олар кез келген салаға бейім болады. Бәсекелік орта қалыптастырады. Сондықтан мемлекет мұндай кәсіпкерлерді шектемеу қажет. Бостандық бар жерде даму болады.

Мемлекет басшысы осы Жолдауында ұлттық табысты әділ бөлу мәселесін де көтерді. Мұндай тәжірибе араб елдерінде жақсы қолға алынған. Олар ұлттық байлықтан түскен табысты халық деңгейінде бөліп отырады. Бұл халықтың бай-қуатты болуына жағдай жасау деген сөз. Тарихқа үнілсек, Әмір Темір де «Кей халықтан жақсы әскер шықпайды» деп, өз халқының салығын азайтып, жағдайын жасаған. Сондықтан халық мүддесінен шыққан Президентіміздің бұл бастамасы өте дұрыс.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ –

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың осы бір сөзі қанша заман өтсе де, өзектілігін жоймай келеді. Расында, ұлт мұраты үшін қызмет ету, халықтың қамын бәрінен жоғары қою үшін ақыл мен білім аздық етеді. Ең алдымен, адамға керегі – өршіл мінез. Өр мінезді болам деп өзгеден өзіңді үстем ұстау емес, өршілдікті – әділеттілік, намысшылдық, қайсарлық деп түсінген абзал. Дана Абай «Білім мен ғылымды сақтап тұратын сауыт – мінез» дейді. Сонда осы мінез-құлық, имандылық, көркем мінез деген не?

Жалпы біз кез келген пендені киім-кешегіне қарап бағалап жатамыз. Жұпыны киініп алса, түгі жоқ бейшара екен, үлде мен бүлдеге оранып жүрсе, ақшасы бар екен деп қабылдайтынымыз өтірік емес. Адамның сыртқы бейнесі алдамшы екенін ескере бермейміз. Біздің қазіргі қоғамда адамдарды намаз оқитындар, хиджап киетіндер, сақал қоятындар, орыстілділер, байлар, кедейлер деп түр-түрге бөліп қарайтын да өзіміз. Біреулерді пір тұтамыз, енді біреулерді адам санамаймыз. Осылай бөлуімізге көбінесе адамдардың материалдық жағдайы себеп болып жатады.

Бүгінде көп адамнан «хиджап кигендер алдап кетті» дегенді жиі естиміз. Ал сол ислам шартына сай киініп алған адамның ішкі жан-дүниесі қандай, ниеті түзу ме, мінезі көркем бе дегенге бас ауырта бермейміз. Мәселе исламда емес, дінге кір келтіріп жүрген пенделерде екенін түсінгіміз келмейді. Дәл сол секілді ел баскарып жүрген шенділерге де, жұртты рухани білімге шақырып жүрген зиялыларға да кейде парасатты көркем мінез жетіспей жатады. Олардың сөздері мен іс-әрекеттері бір жерден шықпаған кезде көңіліміз қалады.

Мінез-құлық – адамның ішкі жан-дүниесінің сыртқа көрінетін тұсы. Мәселен, жолда біреуден жөн сұрағымыз келсе, жаныңнан өтіп бара жатқан адамдардың ішінен өңі жылысына назар аударамыз. «Түсі игіден түңілме» деп бабаларымыз айтпақшы, адамның жүзі мен он екі мүшесі оның мінез-құлқының айнасы. Адамның жан-дүниесі түп-тұнық, жүрегі таза болса, бұл адамның келбетінде де көрініс табады. Ғалымдардың айтуынша, жүрек – теңіз, тіл – оның жағалауы. Демек, ішкі дүлеміздің көрінісі шүберек арқылы емес, тіліміз, жүзіміз, іс-әрекетіміз арқылы байқалады.

Тәмсіл

Пайғамбар (с.ғ.с) заманында бір әйел адам қайтыс болады. Оның артынан адамдар жақсылықтарын айтып, мақтайды. Ол кісі ораза ұстайтын еді, намаздарын қаза қылмайтын деседі. Сонда әйелді жақсы білетін кісілер «Тек бұл әйел көршісіне ауыр сөз айтып, тілімен зиян тигізетін» депті. Сол кезде Пайғамбар (с.ғ.с) «Ол әйелде ешқандай хайыр жоқ» деген екен.

Жақсы мінез қалыптастыратын дұға

Я Алла! Мені ең жақсы мінездерге жетелей гөр. Өйткені, оның ең жақсысына Сенен басқа ешкім жетелей алмайды. Және оның жаманын менен бұрғайсың. Өйткені, оның жаманынан мені Сенен басқа ешкім де айықтыра алмайды. (Ибн Әби Шәйба)
«Аллаһуммаһ-дини ли әхсәнил-әхләк, фә иннәһу лә йәһди ли-әхсәниһә иллә энтә, уәсриф ғанни сәийәһә лә ясрифү ғанни сәийәһә иллә энтә».



Қазақтың мінезі қандай?

Жер бетіндегі әр ұлттың өзіне тән мінезі болады. Адамның мінез-құлқын психологтар бірнеше түрге бөліп қарастырып жатады. Ал қазақ ұлтының мінезі жайлы белгілі этнограф Болат Бопайұлы өзінің «Қазақ мінезі» атты кітабында жазды. Оқырман назарына кітаптан үзінді жариялағанды жөн көріп отырмыз.

Тума мінез деген не?

Қазақ жеті атадан жалғасқан қанды, генді, текті, тұтас туыстықты қуып тұтасқан, ата белінен ана құрсағына мәнни судан пайда болған, сүтпен біткен, сүйекке сіңген тума болмысынан қалыптасқан, дара табиғатынан дарыған, үлкен әулеттік меншікті мінезді «тума мінез» деп атаймыз.

Тума мінез – бір адамның өзіне тән, басқаларға мүлде ұқсамайтын жеке бітімі, қимыл-қозғалысы, сыр мен сипаты, ісі мен әрекеті, өмірге көзқарасы, қоғамдық ортадағы тіршілік ету жолы, махаббат жарасымы, ар ман ұжданы, қажеті мен мүддесі, рухани көңіл күйі, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы, дүниетанымы, наным-сенімі, жалпы жанұяда қалыптастырып, қоғамдық-әлеуметтік ортаға алып шыққан жеке сыр-сипаты, өмір көріністері болып табылады. Өнері, мәдениеті, білімі, ақылы, ары, ұяты – бәрі-бәрі де сол жеке өзіне тән көрініс беріп тұрады. Болмысы да солай қалыптасады.

Жұқпа мінез деген не?

Әрбір пенденің бала күнінен бастап көрген-білген, көңіліне түйген, айналадан сезген, кітаптан оқыған, қоғамнан қорытқан, айналадан алған, халықтан білген, жұрттан жұқтырған, әлеуметтік ортадан қалыптастырған жалпы білімі, әдеті мен әдебі, мәдениеті мен дүниетанымы, көркемдік талғамы, өнер-өресі, білім қабілеті, сөйлеу дағдысы, іскерлік пен шеберлігі, дамыған санасы, аңсаған арманы, тілеген тілегі, алға қойған мақсаты, махаббат жарасымы, төрткүл дүниеден қабылдаған жұғысып-жұқтырған, қызығып-қызғанып қабылдаған, еліктеген, соларға ұқсаған мінезі «жұқпа мінез» деп аталады.

Мінез демекші...

Мінез – адам бойындағы ұлы байлық, асыл қасиет, адам болмысы, бітімі. Туа қалыптасқан ішкі иірімі, терен құпиясы. Оның сыртқа теуіп шыққан қимыл-қозғалысы, сөз әрекеті, көзге көрінген көрінісі. Мінез – адам баласының бағын ашатын, бақытқа қолын жеткізетін, құрметке бөлейтін, сыйға кенелтетін алтын кілт...

Қазақ «Жақсы мінез – жан көркі» дейді. Осы маржан сөздің астарында маркадай маңыраған, ұласпалы, ұлағатты ой бар. «Өзі жақсы кісіге – мың кісілік орын бар», «Кең болсаң – кем болмайсың», «Жақсы – көпшіл, жаман – кекшіл», «Ақылды бәрін алақанында ұстайды», «Мінезді адам – мінсіз адам», «Адам бәрін мінезден табады», «Адам мінезінен танылады» деген сөз тіркестеріндегі ұлан-ғайыр ой жолдарында нардай-нардай жоталы ұғымдар жатыр. Адам мінезін танып, тауып айтқан тарыдай сөзде таудай наным жатыр. Жарым ырысты, сұлу тынысты жақсы сөз жатыр... Қазақ жағымды мінезді адамды бағзы заманнан-ақ қастерлеп келді. Әлпештеп, төбесіне көтерді, үлгі етті, өнеге тұтты, ұрпақтарына айтып, тәрбие берді.

Отбасы тәрбиесі – тәрбиенің анасы. Отбасында жақсы тәрбие алған бала – қоғамның сарасы. Қазақта соған орай туған «мінезді адам екен», «сырбаз екен», «кең пейілді, дархан мінезді», «мінезі төр жайлаудай», «жаны тұнық, жарқын жүзді – перизат», «ішіне кеме жүзеді», «алтын адам», «гүлдей нәзік жан», «сыпайы сылық жан», «көңілі көлдей шалқиды», «жылы жүректі», «ыстық ықыласты», «мөлдір сезімді», «мінезі жібектей», «майда мінез, сылық сөз», «түсі жылыдан түңілме», «иман жүзді», «көзі ашық, көкірегі ояу», «арлы, адамгершілікті азамат», «дала мінезді», «күн көңілді», «шуақ сезімді», «бүкпесіз азамат», «ел ағасы», «ел анасы», «жұрт атасы» деген сөз тіркестерінің тігісінде түйедей-түйедей мі-





МІНЕЗДЕН...»



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғазиз АХМЕТ, имам:

МІНЕЗГЕ БАЙ АДАМ ҚАШАН ДА СЫЙЛЫ

Ислам дінінің көздегені – көркем мінез. Мұсылманның 5 уақыт намазы, ұстаған оразасы, жалпы барлық гибадат-құлшылықтары көркем мінезге жетелейді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Мен көркем мінезді кемелдендіру үшін келдім» деген. Демек, көркем мінез адамдардың арасында о бастан жоқ емес, бар. Пайғамбарымыз соны толықтыру үшін келгендігін айтады. Көркем мінез адамды адамдардың арасында сыйлы етеді және жәннатқа кіруіне себепші болады. Халықтың арасында мынадай түсінік бар, намаз оқып жүрген адамды көбі таза, пәк көреді. Намаз оқитын адам бірдеңе бүлдірсе, «намаз оқып жүріп осындай іске барды ма?» деп таңқалып жатады. Яғни намаз оқыған адамның мінез-құлқы да жақсы болу керек екенін түсінеміз. Намаздың басты қасиеті – арыстықтан, жаман істерден тыю. Бұл дегеніміз, дінді ұстанатын адам өзінің мінез-құлқына, іс-әрекетіне берік болуы керек. Адамның бойындағы адамгершілік, кеңірімділік, жомарттық, кеңпейілділік, кішіпейілділік, мейірімділік секілді әрбір жақсы қасиеті – жақсы мінез-құлықтың белгісі.

Әлия ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, журналист:

САБЫР МЕН САЛИҚАЛЫЛЫҚТЫ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Әсіресе, дінді насихаттайтын, иман жолында жүрген адамдарға агрессия жараспайды. Әсіресе, жастарға. Төпеп, тоқтаусыз сөйлей беру, төбеген ұрғандай ғып зіркілдеп ақыл айту, осының бәрі саналы адамға сондай бір ыңғайсыз көрінеді. Күпірлік дегенің де осы шығар, бәлкім?! Сабыр мен салиқалылықты көргім кеп барам сол кісілер жаққа өз басым. Мешітке де. Аура, энергия деген бар. Эгоңды жеңу, бойыңдағы мініңмен жұмыс істеу оңай емес. Ал дін жолы әншейін жол емес. Тақуалыққа жетудің қиындығы да осында деп ойлаймын. Кейде артық қылам деп тыртық қып жатамыз. Кейде жүрегіңді толтырам деп барып көңілің құлазып қайтатын кездер болады.

незді ойлар шөгіп жатыр. Ардан туған, арман қуған асыл азаматтар мен айдай арулардың, айна көлдей жарқыраған, symbatты мінездері көңілге қонады, көзге ұя басады.

Ал мінезі тарпаң, көңілі қартаң, шәркез-шарқая, ішіне құрық бойламас, қулығына сырық салдырмас әлдебіреулердің көзі адырайып, мінезі шадырайып, тебеген биесей одырайып тұрады. Тиіп кетсе, сызып кетеді. Ашуы ұстараның жүзіндей қылпылдап тұрады. Айналасын жайпап, сүзеген сиырдай шайқап, жанына жан жуытпайды. Іргесіне ел қондырмайды, мұндай мінездегі адам еш табысқа қолы жетпейді. Жұрттың сөгісіне, елдің табасына қалады... Адам баласы басына пәлені бірінші – мінезден, екінші – тілден, үшінші – әрекеттен табады. Күнәға да содан батады. Қазақта «Басқа пәле – тілден, жаман ойы, жаман сөзі – ділден», «көкдолы», «шарқая», «арамза», «екібеткей», «батқа», «имансыз», «арсыз», «ұят-сыз», «опасыз», «кісіліктен дырдай, адамдықтан жұрдай»,

«зымиян», «әккі», «жылпос», «түкпіш», «қорс етпе», «қыр-сық», «қыңыр», «қызғаншақ», «бұлданшақ», «шамданшақ», «тырысқақ», тағы басқа деп келетін сөз тіркестерінің бәрінде шадыр мінезді, шарқая адамның табиғатына байланған ішкі жан тыныстарын ашатын ұғымдар жатыр.

ТҮЙІН:

Бүгінде екінші бірі ақыл айтқыш, психолог та, діндарлар да жұртты жиып алып лекция оқиды, уағыз айтады. Дұрыс та шығар, көпшілікті имандылыққа шақыру керек. Бірақ өзгенің айтуымен емес, шын жүрекпен нәпсіні тыйып, сабырға жеңдіру, тәкаппарлық пен қарапайымдылықтың жігін ажырата білу – адамдық пен имандылық болса керек.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, Көңілін көгертуге құл халықтың.

ЗАМАНСӨЗ

АХАҢНЫҢ ҒАНА АРДАҚТЫ АТЫН АТАЙМЫЗ

1917 жылдың төңкерісіне шейін Ахаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да «Қазақтың» сатылған тілмәштары жасаған доностары аз болған жоқ. Өлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ахаңды абақтыға салмақ болған күндері бізге белгілі. Бірақ Ахаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды...

Осы күнде Ахаң Орынборда. Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызмет болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа соңғы жылдарда «Әліппе істерін» һәм қазақша жазған. Бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жанадан алған хабарға қарағанда бытырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек. Ахаң соңғы жылдардағы уақыттың бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да соған арналған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы тәтті өлеңдерін соңғы жылдары ести алмай жүрміз.

Бірақ Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнгі қазақ даласының күшті сарыны болып, Арканың қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр. Бұдан 10–15 жыл бұрын: *Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,*

Кім қалды таразыға тартылмаған? – деп Ахаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.
1923 ж.

ТҰЛҒАТАНУ

ДАУЫЛПАЗША ДАБЫЛ ҚАҒАДЫ

...Ахмет Байтұрсынұлы елшілдік-мемлекетшілдік, ұлттық ар-намыс, ұлттық мұрат, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім тұрғысынан ой толғап, ұлтының тағдырын, жер-суының тағдырын, тіл, дін, діл, мәдениет, әдебиет тағдырын іңкәр жүрегімен, жан-тәнімен қабылдап, дауылпазша дабыл қағады. Сөйтіп, оюлы-ойлы тастүйін пікірлерін, толғамдарын есілтіп-көсілтіп дәлелдеп, дәйектеп отырады. Ахмет Байтұрсынұлының ғұламалық зердесі сөзге де, ойға да, пікірге де зергерлік-шеберлігімен де, суреткерлігімен де, азаматтығымен де, қайраткерлігімен де терең үйлесім табады. Бұған философиялық мәні, гармониялық келісімі, рухани-ізгілік мазмұны бір-бірімен шебер ұштасқан мына бір жарқын даналық, тапқырлық мысалдарды келтірсек те болады. Мәселен: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!»; «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі»; «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді»; «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек»; «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».

Мінекей, адамның тіршілік, тұрмыс жолында соншалықты бойтұмардай қастерлі, дұғдай қасиетті артықша көрікті тұжырымдарды туындатқан. Бұлар бейне бір Ұлы даланың Рух кітабы. Асылы, Ахмет Байтұрсынұлының өнердегі, өмірдегі, білім беру жүйесіндегі ұстанымына мына бір шынайы ләбізі айғақ.

«Адамдық диханишысы қырға шықтым, Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, Көңілін көгертуге құл халықтың», – дейді ұлт ұстазы. Расында, адамзат қоғамының көркеюі «адамдық тұқымының» мүмкіндігінше тереңнен тамырланып, жайқалып өсуінде, берекелі өнуінде. Сонда ғана қоғамда рухани құндылықтар молайып, елдің дұрыстық жолында дамуына, сәулетелуіне даңғыл өріс, соны соқпақ, берік іргетас қаланады деп, елге қорған болар оғылан, тұлғалар қалыптасатынын меңзейді.

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымының докторы, профессор.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

«АРМАНЫМ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУ»

«Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын билікке иемін».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).



СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

АНА ТІЛІНІҢ АНАСЫ

Топырақтың иесі де, киесі де қазақ болғандықтан, қазақ тілін білу керек

Медеу ауданындағы №19 жалпы білім беретін мектеп ұжымы мен оқушылар қауымы Республика күні мерекесі аясында қоғам қайраткері, Алматы қаласының құрметті азаматы Асылы Османмен кездесті.

«Ана тілінің анасы» атанған тіл жанашырын бүкіл мектеп ұжымы зор құрметпен қарсы алды. Оқушылардың Асылы апаларына деген арнау өлеңдері де жүректен шығып, жүрекке жетіп жатты.

— Біле білсек, бұл мерекенің мәні де, маңызы да ерекше. Тәуелсіздігіміздің нышанына бастап берген қасиетті күн қыран қанатты қазақ еліне құт болып оралды. Осынау мерекені өзімізге қайтадан оралтқан Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайға, Мемлекет басшысына мың алғыс. Сол күнді қуана қолдап жатқан сіздерге рахмет! Ұрпақты отансүйгіштікке, асқақ рухта тәрбиелеп отырған ұстаздарға рахмет! Қай кезден-ақ алыс сапарлар қадамнан басталады. Ұлтқа қызмет ету де, елге қызмет ету де осындай бастамалардан бастау алады. Мені кездесуге көп шақырады. Әрбір кештен ой түйіп, қуанып қайтамын. Жалындаған жастардың өсіп келе жатқаны қуантады. Мен соған қуанамын. Бүгін де сүйсініп отырмын, — дейді Асылы Әлиқызы.



Қашан да қазақ тіліне құрметпен қарап, оның жоғын жоқтап, барын бағалап жүрген Асылы Әлиқызы әдеттегідей әңгімесін тілден бастады.

— Қазақтың тіліндей бай, шұрайлы тілді көргенім жоқ. Мен ең алдымен бүгінгі жас балалар, ертеңгі ел азаматтары осынау құдіретті тілдің уызына жарып, тұнығына қанып өссе екен деймін. Өйткені, ана тілінің тағдыры келер ұрпақтың қолында. Тіл деген — құдірет, сөз деген — кие. Осындайда ақынның бір өлеңі тіліме оралып отыр.

«Ана деген сөзге тілі келмеген,
Ана болып жарытпайды қыз бала,

Сүйем деген сөзге тілі келмеген,
Сүйіктің боп жарытпайды ұл бала», — дейді.

Қазақтың сөзінің құдіретін жан-дүниесімен сезінген адам ғана осылайша тілдің қасиетін зерделейді. Осындай бірлікте, татулықта өмір сүруіміз үшін, ең алдымен, барлығымызды біріктіру үшін мемлекеттік тілді қолдауымыз керек. Ал ана тілі әркімнің өзінің тіршілігі үшін керек. Топырақтың иесі де, киесі де қазақ болғандықтан, қазақ тілін білу керек.

Ол қазақтың тілі болғандықтан емес, мемлекеттің тілі болғандықтан білуге

тиіспіз, — деген тіл жанашыры сөзін бір шумақ өлеңмен түйіндеді.

Танытқан қазағымның қазақтығын,
Танытқан қазағымның азаттығын,
Танытқан қазағымның гажаптығын,
Айналым құдіретінен қазақ тілдің.

Оқушылар Асылы апаларына түрлі сауалдар қойды. Мектеп кітапханасы Асылы Османның «Қазағым барда мен бармын» атты кітабымен толықты. Мектеп басшысы Айымгүл Дәуірбекова кеш қонағына ұжымның алғысын жеткізді. Кездесу соңында мектептің оқуда озат оқушылары «Жас ұлан», «Жас қыран» қатарына қабылданды.

Балалар
жылы
2022

«Балалар жылы» аясында еліміздің барлық өңірінде мыңға жуық іс-шаралар ұйымдастырылды. Осынау қолға алынған іс-шаралардың әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларын барынша қамтығаны көңілге қуаныш ұялатады. Әсіресе, көпбалалы отбасы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі жандардың балалары тасада қалмай, алдыңғы қатардан орын алған.

Іс-шаралардың мақсаты — балалардың физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту, балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ету. Мәселен, жобалар 7 бөлім бойынша 50 тармақтан тұрады. 50 тармақтың ішінде 65 іс-шара бар. Бұдан өзге, баланың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатына бағытталған 21 іс-шара кіреді.

Жалпы, Балалар жылы осы аталған шаралармен ғана шектеліп отырған жоқ. Республикалық жоспардан бөлек, 17 өңірлік және 280 аудандық, қалалық білім ұйымдарының жоспарлары жүзеге асып жатыр. Алғашқы бағыт — «Білімді бала». Оның мақсаты — балалардың сапалы білім алуға және жеке тұлға ретінде дамытуға қатысты құқықтарын жүзеге асырып, оқу-тәрбие процесінде тәрбие компонентін күшейту. Оның шеңберінде сыныпта және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында балалардың құқығы мен мүддесін қорғау бағытындағы шаралар жүзеге асады.

Ал екінші «Отбасы — қауіпсіз мекен» жобасында баланың білім алу құқықтарын жүзеге асыру мен отбасындағы адамгершілік



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Балаға мейірімді қала

және рухани құндылықтарды насихаттауды қамтиды. Бұл жоба кезінде өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен тұлғаларға көмек көрсету бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірлеу және жекелеген санаттағы балаларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу секілді іс-шаралар жүзеге асып отыр.

Үшінші — «Дені сау бала» жобасы. Оның мақсаты — балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайту шараларын ұйымдастыру және олардың құқығын қорғау. Оның шеңберінде ҚР неонаталды хирургияны одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, балалар онкологиялық және гематологиялық көмек көрсетуді жетілдіру бойынша «Жол картасына» сәйкес жаңа туған нәрестелер мен кішкентай балаларға скринингтік зерттеулер, 18 жасқа дейінгі балаларға профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу, амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін кеңейту секілді іс-шаралар іске асып жатыр. Оған қоса мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту қолға алынып отыр.

Төртінші «Баласын жетімсіретпеген ел»

жобасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау бойынша іс-шаралар қолға алынып жатыр. Атап айтсақ, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламасы әзірленді.

Бесінші «Жайлы мекен» жобасы балаларға арналған инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Дәлірек айтқанда, қала, елді мекендердің инфрақұрылымын қауіпсіздік тұрғысынан дамыту, арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарды жарақтандыру, «2025 жылға қарай 1000 мектеп» бағдарламасы аясында салынған жаңа мектептердің ашылу салтанатын өткізу, «Балаға мейірімді қала» ұлттық сыйлығын енгізу секілді іс-шаралар қамтылды.

Ал «Бала қорғау» жобасы балалардың қауіпсіз даму жағдайларында құқығын жүзеге асыруға бағытталып отыр. Оның аясында балаларға арналған арнайы медиа өнімдерді шығару және тарату, телешоулар, сериалдар, деректі фильмдер, әлеуметтік желілердегі имидждік өнімдер, «Балапан» телеарнасында мультимедиялық және танымдық контенті көрсетіліп жатыр.

ТҰСАУКЕСЕР

Мәскеу жұртшылығы «Алаш» партиясы көшбасшыларының бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметі туралы «Алихан Бүкейханов. Человек-эпоха» кітабының тұсаукесеріне қатысты. Қазақстан сыртқы істер министрлігінің мәлімдеуінше, кітаптың авторы — ресейлік ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Виктор Козодой.

БӨКЕЙХАНОВ
туралы кітаптың
тұсауы кесілді

Автор өз еңбегінде дереккөздерді, материалдар мен фактілерді, соның ішінде бұрын ғылыми айналымда пайдаланылмаған мұрағат құжаттарын, естеліктерді, сол жылдардағы газет-журнал беттеріндегі жарияланымдарды пайдаланғанын айтады. Бұған дейін кітаптың тұсаукесері Қазақстанның бес қаласында (Астана, Алматы, Павлодар, Семей, Қарағанды) өтсе, енді ресейлік ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен Мәскеу қаласында өтті.

Қазақстанның Ресейдегі елшісі Ермек Көшербаев бұл кітапты Әлихан Бөкейханов тұлғасының алғашқы терең және тұтас ғылыми зерттеуі деп атап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және қалың бұқараға ақпарат беру аясында Алаш қозғалысы қызметінің көптеген қырларының әлі де ашылмағанын еске салды. Осы орайда, бұл кітап Қазақстанның Тәуелсіздігін болжаған тарихи оқиғаларды зерттеуге елеулі үлес қосып отыр.

Шара барысында Ермек Көшербаев Виктор Козодойға II дәрежелі «Достық» орденін және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын табыс етті. Өз кезегінде ғалым Әлихан Бөкейхановты Қазақстанның ғана емес, Ресейдің де тарихи қайраткері деп санауға болады, өйткені ол Мемлекеттік Думаға сайланды. Бүкілресейлік ұйымдардың жұмысына және Бүкілресейлік мәселелерді шешуге қатысты дей келе, кітаптың қазақ тіліне аударылғанын жеткізді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Қазіргі күні байқап жүрген болсаңыз, үй маңындағы азық-түлік дүкендерінде, дәріханаларда, шаруашылық заттары сатылатын сауда нүктелерінде, тіпті шаштараз-да да, әйтеуір кісі аяғы көп жүретін жерлерде қорапша тәріздес кішкентай ғана мөлдір жәшіктер тұрады. Сыртына «Садақаңыз қабыл болсын!» деп жазылған.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Дімкәс баланың еміне керек еді» деген мәтіндерді де оқып қаламыз. Ішінде ұсақ темір ақшалар, 500 теңгелер де жатады. Дүкенге кірген-шыққан адамдардың әлгі қорапшаға азын-аулақ теңгелерін тастайтынын көз көріп жүр.

Мен бірде шашымды қидыртуға барған шаштаразымнан «мына садақа жәшігі кімдікі?» деп сұрап едім, білмейтін болып шықты. Қызық, сонда әр-әр жерде «тамшы-дан теңіз болып» құралып жатқан ақшалар қайда, кімге кетіп жатыр екен? Шынымен де ауру баланың ем-домына жұмсалып жатса, оның есебі қайда, ол туралы көрген-білген, естіген жан жоқ.

Әлеуметтік желіден қоғамдық орындарда осындай заңсыз шағын садақа жәшіктерін ұйымдастырып, ондағы ақшалардан пайда көріп келген қызылордалық жігіттің ұсталғаны туралы ақпаратты көзіміз шалып қалғаны бар. Ал көрші Ресейде Абу Омар деген экстремистік бағыттағы уағызшының осындай қайырымдылықтан түскен қаржыны терроризмді қаржыландыруға жұмсағаны әшкере болған. Ойланатын жағдай.

Біз бірнеше тұрғынға «Садақа жәшіктеріне мән берсеңіз бе?» деген сауалды қойып көрген едік.

Мадияр СӘБДЕН,
жұмысшы:

– Шынымды айтсам, мән бермеппін. Үйдің түбіндегі дүкенде ылғи тұрады. Кімдікі, кімдер жинап алып кететінін де сұрамаппын. Ол жәшікке жиі ақша тастаймын деп те айта алмаймын. Анда-санда ғана, наннан, темекіден тиын-тебен артылып жатса ғана саламын. Шыны керек, атеист болып



өсек те, кеудемізде бір тылсым күшке деген сенім бар ғой. «Садақаны сауыңда бер» деуші ме еді, қалай еді өзі, әйтеуір ниетім түзу. Мен берген тиын да біреудің жыртығын жамап жатса, бек қуаныштымын.

Қыран МӘЛІКОВ,
таксист:

– Біздің бір жамағайын туысымыз ілгеріде ауылдан шағын дүкен ашқан болатын. Кассасының алдына сондай «садақа жәшігін» қойды. Өзі. Киім кимей қалсақ та, бәріміз тамақ алуға кіретінбіз сол дүкенге. Ауыл халқы кең ғой, өзіне жетпей тұрса да, әлгі жәшікке тиындарын салып кетіп жатады. Дүкен иесі сол түскен ақшаны ауылдағы екі баласы бар бір жесір әйелге беріп тұрды. Ел болып риза болушы едік сол азаматқа. Қазір Астанаға кетті, жағдайы жақсарып. Көптің тілеуі шығар.

Қалдан СЕРІКҚЫЗЫ,
көпбалалы ана:

– Шынымен де неге мән бермегенбіз қайда кетіп жатқанына? Білмегеніміз де дұрыс

шығар, берген садақамызға күдіктенбес үшін. Садақа берушінің білуі тиіс бірінші әдеби – ықылас дейді ғой. Мұхаммед пайғамбар: «Малдарыңызды зекетпен қорғаңыз-

дар, ауру-сырқаттарыңызды садақа беріп емдеңіздер, басыңызға келген бөлекеттерге де Алладан жалбарынып дұға етіп, көмек сұраныңдар» деген екен дейді. Ең бастысы – мұқтаж адамға азғантай болса да көмегіміз тисін деп шын жүрегімен, Алланың разылығы үшін саламын. Және де сол күні өзімді кәдімгідей жеңіл сезініп қаламын. Ал егер қарапайым халықтың берген садақасы пайдәкүнем біреулердің жеке мақсатына кетіп жатса, оған да бас ауыртпаймын, күнәсін өзі көтереді.

ТОЛҒАНАЙ,
мемлекеттік қызметкер:

– Мен дүкендерде, тағы да басқа жерлерде тұрған ондай «садақа жәшіктеріне» мүлдем ақша салмайды екенмін, тіпті мән де бермеймін. Ол жағынан тым салқынқанды, ұстамды адаммын, күмәнді істерге мойын бұрмаймын. Адал еңбекпен тапқан ақшамнан қнып, ниеттенген садақамды мешітке арнайылап барып немесе үйінде ауру адам бағып отырған кісілер туралы сұрап біліп алып, апарып беремін. Және ол қадамымды ешқашан жария қылып айтпаймын. Іштей «ылғи жолсапарда жүретін жалғызыма сауабы тисін» деп дұға жасаймын да, ары қарай кете беремін. Солай дұрыс меніңше. Мен көбіне жайсыз түстер көріп оянған күні садақа беремін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕСКІ-ҚҰСҚЫНЫ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

- Садақа беру міндет болмауы керек. Міндетсіну – садақаның сауабын түбегейлі жойып жіберетін амал.
- Садақаны жағдайы төмен туыстарға беруден бастау. Себебі, біріншіден, қайырымдылық жасап, екіншіден, туыстық байланысты арттыруға үлес қосқан болып саналады дейді.
- Садақа – адамның жанын тазартады, жүрегін жұмсартыды. Ризығын арттырып, табысқа жетелейді.
- Садақаны өзіндегі мал-дүниенің ең жақсысынан беру. Өзіне ұнамайтын затты немесе ескі-құсқыны садақаға беруге болмайды.
- Садақа мұқтаж жандарды қуанышқа бөлейді. Жалпы, адамгершілік атаулының бәрі – садақа.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

ИТ ТУРАЛЫ 5 ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Дүние жүзіндегі ең қауқарлы, ең жүйрік жануар әрі адамның досы, ол – ит. Қазақ жұрты оны жеті қазынаға балайды. Адамзаттың сенімді серігіне айналған жануар жайында 5 қызықты мәліметті ұсынамыз.

* Адамға қарағанда иттер дауысты 10 есе жақсы ести алады. Ал иісті 100 000 есе артық сезеді. Тіпті, бұрынырақта сезінген иістері де есінде қалады.

* Үй жануары сипалап, құшақтағанды ұнатпайды. Оны өзін басыну деп қабылдайды екен. Сондай-ақ, ит асырайтындар өзгелерге қарағанда көзін 66%-ға көп қозғалтады екен.

* Иттер 250 сөз бен қимылды есінде сақтайды. Ең қызығы, беске дейін санап, қосу-алу секілді қарапайым есепті шеше алады. Тіпті, зеректілік деңгейі екі жасар баламен бірдей.

* Олардың жүрегінің соғуы адаммен тең. Шамамен минутына 60–100 рет соғады. Оған шоколад беру жүрегіне «у» берумен қатар зиян етеді.

* Екінші дүниежүзілік соғысқа сырттандар да қатысты. Нақ сол кезде қызыл әскердің құрамында 70 000 ит қызметте болған.

БАЛА КҮННЕН ЕСТЕЛІК

Біз ауылда туып-өстік. Жотасы кең жайлауда ойнадық. Біздің елдімекен Сырдария мен Қаратаудың ортасында қоныс тепкен еді. Жері қоңыр топырақ. Аркадан соғатын желі тағы бар. Қанша дегенмен, Оңтүстіктің ыстығы айналып өтпейтін. Ел-жұрты мейірбан. Жүздерінде күлкі, езуінде әзілі жүретін. Кіммен сөйлессең де, қағытпаға құштар келеді. Бір жайдары жұртты көресіз. Бәлкім, сонда туғаннан кейін бе екен?! Сол елді мадақтауға құштармыз. Ол жақта бәрі таныс. Керек десеңіз, бауыр-туыспыз. Көшеде көрген әрбіріміз аман-саулық сұрасып өтеміз. Тіпті, итіне дейін танимыз.

Өлгінде ит туралы ой қозғадық. Бала күнімізде күшікке құмар болдық. Қолымыз қалт етсе, есекке мініп кезіп кетеміз.



Жолда көргендермен ойнап, астымыздағы тайқардың қайда қалғанын білмей қаламыз. Күн ұзаққа қаңғырып жүреміз. Арасында суға түсуге барамыз. Осылайша сабақтан шыға ойынға кірісеміз. Кешкісін мал жайғайтын уақытта әзер жетеміз. Сандалып жүріп біреудің итіне талана жаздаймыз.

СЫНЫПТАСЫМНЫҢ ТӨБЕТІ

Бірде Нұрғиса есімді сыныптасымның үйіне соқтым. Оның үйімен арамыз екі-үш үй шамасында. Оларда төрт түліктің қарасы біраз бар. Үй-жай, қора-қопсыға епті келетін. Ат баптауды қатыратын. Олар арасында қой кезек бағатын. Сол кезде қасында Тайсон атты иті болатын. Өзі шымыр денелі, ұзындау келген еді. Түсі қара әрі бауыры сұрлау болатын. Мен егістік жаққа өтіп бара жатқанмын. Алыстан қой-ешкі көрінді. Байқап қарасам, Нұрғиса қасында бір баламен бірге қой бағып жүр екен. Айналасында 2-3 ит бар. Оны көргеннен кейін жақындай беріп едім, әлгі иттер маған абалап

жүгірді. Сыныптасым тоқтатып үлгермеді. Кері бұрылып, зыттым. Алды-артыма қарамадым. Қолымдағы құты толы суды қайда қалдырғандымды білмеймін. Зулап отырып егістікке жетіппін. Күннің ыстығына қарамай, өкпемді қолыма алып зыта беріппін. Бағанағы көріністің алдын бастап келе жатқан «Тайсон» екен. Оның анығын үйге келіп, болған көріністі еске түсіргеннен кейін бір-ақ білдім.

Тағы бірде Нұрғисаның үйіне бардым. Дарбазасын қатты ашуға жүрексінем. Сырттан әрі-бері айқайласам да, ешкім шыға қоймады. Сөйтіп не керек, дарбазасына тас лақтырдым. Мақсатым тарсылдаған дыбыстан біреу шыға ма деген ой болатын. Бір кезде «Тайсон» маған қарай жүгірді. Секіріп үстіме жармаспақшы болды. Теріс бұрылып зытып бердім. Бұл жолы қашып құтыла алмадым. Ит балағымның бір шетін жұлып алыпты. Өзімді тістемегеніне шүкіршілік айттым да, үйге оралдым. Бұдан былай тек сыныптасымның өзіне бетпепет жолығып жүрдім. Баратын кезімді алдын ала айтып қоятынмын. Былайша уақытта жолығу мұң. Ақыры итімен тіл табыса алмадым. Мені көрсе ырылдайтын. Бірнеше жылдан кейін мектеп бітірдік. Қаладан ауылға қатынап тұрдым. Бірақ сол күйі итін көрмедім. Қызығып сұрамадым да. Ит түгілі сыныптасыммен де сирек жолығатын болдық.

ЕСТЕН КЕТПЕС СӘТТЕР

Өркімнің туған жері өзіне ыстық. Балалық шақтағы естелік әрбіріміздің есімізде әртүрлі сақталады. Көршімнің қап-қара күшігі туылды. Сүкөз болатын. Соған шыдамады-ау шамасы, ұзаққа шыдамай қаза тапты. Оған көрші бала жылап, арнайылап көмген еді. Бұл да болса зор құрмет шығар. Ел арасында «ит – жеті қазының бірі» дейтін. Егесі үйінде болмаса, бөтен кісіні жолатпайтын. Өзіміз де талай мәрте қаудың аузында «пәленше-түгенше» деп айғайлап қайтқан шақтар көп болды. Осының өзі бір керемет естелік екен ғой. Ол жағын ауылдан жырақтап, қаланың қарбалас тірлігіне араласқаннан кейін бір-ақ білудеміз.

«Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» деп текке айтпаса керек-ті. Ол шақтар көкірегімізде мәңгі сақталады екен. Соған күн өткен сайын көзіміз жетуде...

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘУЕСҚОЙ БОКС

Бүгін Иордания астанасы Амманда әуесқой бокстан Азия чемпионаты байрағын желбіретеді. Сары құрлықтың марқасқаларын жинаған біріншіліктегі алар асуымыз қандай? Ел боксының қазіргі мықтылары кімдер? Басты бәсекелестеріміз қайсы? Осы және өзге де сұрақтарға бірге жауап іздеп көрсек.



АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА КІМГЕ АРҚА СҮЙЕЙМІЗ?

Ел боксының үздіктері іркілмейді

Ташкентті тастап Амманға аттандық

Ресми түрде 30 қазан деп айтылғанымен Азия чемпионатының алғашқы айкастары бүгін өтеді. 13 қарашаға дейін созылатын Сары құрлық додасында ерлер – 13, әйелдер – 12 салмақ дәрежесінде күш сынасады. Халықаралық бокс қауымдастығы таратқан ақпаратқа сүйенсек, чемпионатқа 30-дан астам елден барлығы 320 боксшы тіркеліпті. Оның 211-і ерлер, 109-ы әйелдер.

Жалпы, әу баста Азия чемпионаты 2023 жылы Ташкентте өтеді деп жоспарланған. Өз-ағамдар да ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кеткен еді. Алайда, Азия бокс қауымдастығына аяқасты шешім қабылдау керек болды. Ойткені, Қытайдағы пандемияның басылмауына байланысты биыл Ханчжоуда өтуі тиіс болған Жазғы Азия ойындары кейінге шегеріліп, сәйкесінше боксшылар турнирсіз қалып қойды. Олқылықтың орнын толтыру үшін келесі жылға жоспарланған Азия чемпионатын биылға ауыстырып, ұйымдастырушы ел ретінде жылдам Иордания таңдалды. Осылайша ойламаған жерден боксшылардың бағыты Амманға қарай өзгерді.

25 боксшы – 25 үміт

Азия чемпионатына тіркелген 320 боксшының 25-і Қазақстан құрамасының өкілдері. Біздің команда ерлер арасында да,

ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ:

Санжар Тәшкенбай (48 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Серік Теміржанов (57 келі), Саматәлі Төлтаев (60 келі), Санатәлі Төлтаев (63,5 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрқанат Райыс (75 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Сағындық Тоғамбай (86 келі), Айбек Оралбай (92 келі), Қамшыбек Қоңқабаев (92+ келі).

қыздар бәсекесінде де толық құрамда бақ сынамақ. Алдымен ерлер жағына тоқталайық.

«Дайындық өте жақсы өтті. Бокс елімізде кең танылған, үнемі жанкүйерлер назарында болатын спорт түрі ғой. Бәрінің назары бізде екенін білеміз. Алдыңғы құрлық додасының нәтижесін қоғамның қалай талқылап, қалай сынға алғаны әлі есімізде. Дубайда ерлер құрамасы алтынсыз қалғанын білесіздер. Биыл біз есе қайтарғымыз келеді. Мақсат – жалпы есепте көш бастау», – деді ерлер құрамасының бас бапкері Қайрат Сәтжанов.

Расымен де, былтыр Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен Азия чемпионаты біздің жігіттер үшін өте сәтсіз болды. 49 келіде Данияр Сәбит, 69 келіде Абылайхан Жүсіпов, 75 келіде Әбілхан Аманқұл, 91 келіде Василий Левит және аса ауыр салмақта

ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ:

Алуа Балқыбекова (48 келі), Назым Қызайбай (50 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі), Римма Волосенко (60 келі), Аида Әбікеева (63 келі), Мадина Нұршаева (66 келі), Дариға Шәкімова (70 келі), Валентина Хальзова (75 келі), Гүлсая Ержан (81 келі), Ләззат Күңгейбаева (81+ келі).

Қамшыбек Қоңқабаев күміспен күптелген. Одан бөлек, 52 келіде Сәкен Бибосынов қолаға қол жеткізген. Алайда, алтынсыз қалғанымыз жанға батты. Өзбектердің 6 алтынының қасында біздің 6 күміс пен қоламыз түкке тұрғысыз қалғандай көрінгені де жасырын емес. Ал жалпыкомандалық есепте үздік үштікке де кіре алмадық. Сондықтан биыл бас бапкер Қайрат Сәтжановқа артылған жауапкершілік өте зор. Құрамды іріктеуде де ешкім кедергі болмады. Алам деген боксшыларын алып, қосам деген жігіттерді қосты. Аттарына, атак-даңқтарына қарасан, бәрі де «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер. Тіпті, кәсіпқой боксқа барып қайтқан Қамшыбек Қоңқабаев та қатарда. Ендігісін шаршы алаң көрсетеді.

Ал қыздарымыз қазір бабында. Жақында

Шәміл Сафиуллин бастаған Қазақстан әйелдер құрамасы Польшадағы Силезия халықаралық турнирінде 4 алтын, 1 күміс, 7 қола еншіледі. Яғни турнирге қатысқан барлық боксшыларымыз жүлделі болды. Былтыр Азияның үздігі атанған аруларымыз биыл да сол жетістікке жетеқабыл көрсеткішке қол жеткізеді деп отырмыз. Естеріңізде болса, Дубайда өткен Сары құрлық додасында Қазақстан құрамасы 8 алтын еншілеп, Азия рекордын орнатқан еді. Одан бөлек, бір боксшымыз күміспен күптелсе, тағы біреуі қола медаль иегері атанған. Сол құрамнан бүгінде үш-төрт боксшы ғана жоқ. Қалғандары қатарда. Жаңа қосылған аруларымыз да соңғы додаларда топ жарып жүр. Сондықтан ешқайсысын да әділетсіз қосылды дей алмайсың. Бас бапкердің айтуынша, командадағы әрбір боксшы алтын әперуі әбден мүмкін.

«Амманда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Бұл Олимпиадаға алғашқы қадам десек те болады. Біз мұнда келесі жылы Қытайда өтетін жазғы Азия ойындарындағы негізгі қарсыластарымызды білмеппіз. Өздеріңіз білетіндей, 4 жылда бір келетін құрлық додасында боксшылар тек Олимпиада бағдарламасына кіретін салмақтарда ғана сынға түседі. Сондықтан Париж Олимпиадасына жолдама алу үшін жақсы нәтиже көрсетуіміз керек. Құрамадағы кез келген боксшы Азия чемпионатының алтын медалі үшін таласуға тас түйін дайын», – деді Шәміл Сафиуллин.

ШОРТ-ТРЕК

Әлем Кубогынан күміс жүлде бұйырды

Канаданың Монреаль қаласында шорт-тректен Әлем кубогының алғашқы кезеңі аяқталып, ерлер арасындағы эстафета бағдарламасында Қазақстан құрамасы 2-орынды иемденді.

Құрамында Абзал Әжғалиев, Нұртілек Жажығали, Әділ Ғалиахметов пен Денис Никиша бар Қазақстан құрамасы Монре-

альдағы бәсекеде 5000 метрге жарысқан. Алдымен жартылай финалда Қытай мен Жапония құрамасын артта қалдырып, аталған қашықтықты 7 минут 11 секундта қиып өтті. Ал бірінші болып мәре сызығын жартылай финалда Канада спортшылары қиған. Осылайша финалға Канадамен бірге шықты.

Ал ақтық бәсекеде бұл екі командаға Оңтүстік Корея мен Италия құрамасы қосылып, төртеудің жарысында мәре сызығын бірінші болып Оңтүстік Корея жігіттері қиды. Біздің құрама 2-орынды иемденді.

Енді Әлем Кубогының келесі кезеңі 4-6 қараша аралығында АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында өтеді.



ФУТЗАЛ



«Қайрат» Чемпиондар лигасының элиталық кезеңіне жолдама алды

Бельгияда футболдан Чемпиондар лигасының негізгі кезеңі аяқталды. «А» тобында өнер көрсеткен Алматының «Қайраты» элиталық кезеңге жолдама алды.

Алматылық команда алдымен күтпеген жерден Бельгияның «Халле-Гооик» командасымен тең түсіп қалды. Есеп 2:2. Испанияның «Пальма» командасына қарсы ойыны да дәл осындай есеппен аяқталды. Ал үшінші кездесуде жерлестерімізге тек жеңіс қажет болатын. Қарсыласы да қарымды еді. Францияның «Спортинг» клубы соңғы кездері

Еуропада әжептеуір қарқын алған. Алайда, Дәурен Тұрсағұловтың жылдам голы қарсыластың мысын басып, тағы екі гол соқты. Тек ойын соңына таман ғана естерін жиып, екі тура соққымен жауап берген «Спортингтің» шамасы одан әріге келмеді. Қорытынды есеп 3:2.

Осылайша үш ойында 5 ұпай жинаған жерлестеріміз «А» тобында үшінші орынды иемденіп, элиталық кезеңге жолдама алды. Негізі, «Халле-Гооик» пен «Пальманың» да еншісінде 5 ұпайдан. Енді элиталық кезеңнің жеребе тарту рәсімі 8 қарашада өтеді. Ал ойындар 22–27 қараша аралығына жоспарланған.

Бетгі әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДИЛ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі тегіні клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА

153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ

104

QAZAQGAS
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойынатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолданыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге. ҮОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

АУА РАЙЫ

Еліміздің басым бөлігінде қар аралас жаңбыр жауады

Еліміздің басым бөлігінде қар аралас жауын жауады, деп хабарлады «Қаз-гидромет».

Синоптиктердің мәліметінше, елімізде тұман, көктайғақ, жел күшейеді. Облыстың солтүстік-батысында бұрқасын күтіледі.

Алматыда жаңбыр жауады, ауа температурасы +9+11 градус, жел жылдамдығы секундына 2–7 метр.

Астанада жауын-шашын (жаңбыр, қар), күндіз ауа температурасы +3+5 градус болады. Желдің жылдамдығы секундына 9–14 метр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҮЗДІК МАМАН

НЕГІЗГІ САЯСАТ – ӘЛЕУМЕТТІ ҚОЛДАУ



Айжан
БҰРКІТБАЕВА

Әлеуметтік қызметкерлер күнінде Наурызбай ауданының үздік мамандары марапатталды.

Бұл күні мұқтаж жандарға қолдан келгенше көмек беріп, ісін тиянақты атқаратын қызметкерлер құрметке бөленді. Бүгінде Алматының Наурызбай ауданында 11 мыңға жуық әлеуметтік санаттағы отбасы бар. Ал тіркеуде тұрған мүмкіндігі шектеулі жан-

дардың саны 3300-ден асады екен. Олардың 700-і – көмекке толмаған балалар.

«Қазір өздеріңіз білесіздер, мемлекетіміздің негізгі саясаты әлеуметті қолдау. Бұл бағыттағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға келер болсақ, бүгінгі күні ауданда барлық жағдай мемлекеттік деңгейде жасалған. Ауданымыз бойынша 4 әлеуметтік ұйым бар. Олар: «Үмітінді үзбе», «Аманат», «Аналар үйі», «Ана тілегі», – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев.

«Дәрігерлер адамның жанына араша болса, біздер жылы сезімізбен, өзіміздің әрекетімізбен мүгедек балалардың жанына сая болуға тырысамыз. Ата-аналармен жұмыс істейміз, психологиялық көмек көрсетеміз», – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Наурызбай ауданы бөлімінің әлеуметтік қызметкері Күлімхан Төлебиева.

ПОЛИЦИЯ

Бұған дейін де заң бұзған Шаһарда алдын ала төлем алып, жұртты алдаған «жиһаз шебері» ұсталды



Алматы полициясы алаяқтық қылмысының төрт дерегіне қатысы бар күдіктіні ұстады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиһаз жасау үшін алдын ала төлем ретінде миллиондаған теңге алып, жұртты сан соқтырған жігіт қолға түсті.

«Маңғыстау облысының 37 жастағы тумасына қатысты ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ер адам тапсырыспен жиһаз жасаймын деп азаматтардың сеніміне кірген. Клиенттердің шақыруы бойынша ол өлшем алуға барады, «клиенттен» миллион теңгеден астам алдын ала төлем алып, кейін із жасырған. Жедел іс-шаралардың нәтижесінде күдікті қолға түсті. Тергеудің осы кезеңінде Д. есімді азаматтың алаяқтықтың 4 эпизоды бойынша кінәлі екендігі анықталды. Тапсырыс берушілер қаланың әр ауданынан болған», – деді Алматы қалалық ПД Анықтау басқармасында.

Күдікті бұған дейін мүліктік қылмыс жасағаны үшін жауапқа тарылған. Бірақ ер адам тиісті қорытынды жасамай, қайтадан қылмыс жасауға бел буды. Қазір полиция қызметкерлері оның «қызметінің» қосымша эпизодтары бар-жоғын тексеріп жатыр.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022

КІТАР FEST KIDS 2022

фестивалі өтеді

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Аталмыш фестивальді Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «BAURZHAN foundation» қоры 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіп келеді. 8 жыл ішінде KitapFest-те танымал қазақстандық авторлар мен баспагерлердің қатысуымен 150-ден астам кітаптың тұсаукесері өткен. Ең бастысы, жоба осы уақыт аралығында шығармашылыққа құштар жандар үшін ауқымды әрі бірегей алаңға айналып үлгерді.

Биылғы КІТАР FEST KIDS фестивалі Балалар жылына орай өтетіндіктен, оның бағдарламасы негізінен кішкентай оқырмандарға арналған. Оның ішінде

Лилия Клаус, Гүлнар Жандыбаева, Гүлжан Сәрсенова, Әсел Сапақова және тағы басқа көптеген балалар жазушыларымен кездесу, «Таныс болайық! Батыр», «Бөлісу деген – бақыт», «Бату мен оның достарының шытырман оқиғалары» сынды жаңа туындылардың тұсаукесері өтеді. Шара аясында жазушылар өз кітаптарын таныстырып, пікір алмасады. Сондай-ақ, кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылып, кітап дүкендері, баспагерлер және интернет-дүкендері өз өнімдерін ұсынады. Фестиваль барысында кез келген кітапты 20 пайыздық жеңілдікпен сатып алу мүмкіндігі қарастырылған.

Ең бастысы, фестивальде алғаш рет «Ауылға кітап» акциясы өтеді, онда кез келген оқырман өз кітабын Қазақстанның ауылдық кітапханаларына тапсыра алады.



КИНОФЕСТИВАЛЬ



«МҰҚАҒАЛИ» ФИЛЬМІ БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Белгілі режиссер Болат Қалымбетовтың «Мұқағали» көркем фильмі Дубайдағы Meta Film Fest кинофестивалінде бас жүлдеге ие болды.

Таяу Шығыс, Азия және Африка киноиндустриясын қамтитын Meta Film Fest жаңа халықаралық кинофестиваль 27 қазанда Джумейра Пальмасындағы Nakheel Mall-дағы Vox Cinemas кинотеатрында басталды. Фестивальде 25 елден 70-тен астам фильм көрсетілді. Байқау бағдарламасына «Мұқағали», «Ұлы дала таңы», «Ақын» және «Қонокрады» атты төрт қазақстандық фильм таңдалған болатын. Белгілі қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Мұқағали» картинасы оның өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірді.

«Таспаның сценарийін белгілі қазақстандық жазушы Жүсіпбек Қорғасбек режиссер Болат Қалымбетовпен және Ғазиз Насыровпен бірлесіп жазды. Фильм қазақстандық прокатқа 2021 жылдың 21 қазанында шыққан болатын.

Фильмнің әлемдік премьерасы 25-ші (PÖFF) Таллин кинофестивалі аясында өтті. Онда қазақстандық картина экуменикалық қазылар алқасының жүлдесіне ие болды. Биылғы жылдың наурыз айында өмірбаяндық картина Кераладағы (Үндістан) 26-шы Халықаралық кинофестивальдің «Әлемдік кино» секциясында ұсынылды. Жақында «Мұқағали» фильмі Қазан кинофестивалінде қазылар алқасының арнайы жүлдесіне ие болды.

Сондай-ақ, фильм Гатчинадегі (Ресей) «Әдебиет және кино» Халықаралық кинофестивалінде қоюшы-суретші Ермек Өтегеновтің үздік жұмысы үшін қазылар алқасының арнайы дипломына ие болды», деп хабарлады Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудияның баспасөз қызметі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ALMATY FOOD FEST

ТІЛ ҮЙІРЕР ТАҒАМДАР

АЛМАТЫНЫ АЙРЫҚША ҚЫРЫНАН ТАНЫТТЫ

Демалыс күндері қаламызда әлем елдерінде кеңінен таныла бастаған тағамдар фестивалі өтті. Екі күнге созылған аталмыш мерекеде еліміздің елеулі аспазшылары ерекше тағамдарымен қала қонақтарын таңқалдырды. Бүгінде мегаполис асқар тауларымен ғана емес, дәмі тіл үйірет асханасымен де танымал бола бастағанын атап өткеніміз жөн болар. Осы ретте фестивальдің қалай өткені жайлы айта кетсек.

Алматылық Мақсат Мамраимов гастрономиялық фестивалге қатысуға алғашқылардың бірі болып өтініш білдірді. Ол көпшілікке күршітп ерекше әдіспен жасап ұсынып жүр.

«Біз тағамдарды арнайы қазыдан, еттен жасап жатырмыз. Қазыны қайнатып қана қоймай, оны біз арнайы дайындап жатырмыз. Елдерге тағамдарымыз ұнап жатыр. Сатылым өте жақсы болды. Мұндай фестивальдердің көп өткені өте жақсы. Өйткені, бұл қала тұрғындары арасында мәдени мінез қалыптастырады. Екіншіден, суық кезде адамдардың көңіл күйін көтеру үшін бұл керемет», – дейді блогер-аспаз Мақсат Мамраимов.

Сондай-ақ, фестивальде танымал аспаздар өздерінің сүйікті тағамдарын сахнада әзірлеп, шеберлік сағаттарын ұйымдастырды. Көрермендер арасында тамақ жасаудан ойындар өтті. Жеңімпаздарға екінші күні бағалы сыйлықтар үлестірілді. Кішігірім ойындарда жеңімпаз болғандарға арнайы купондар таратылып, тегін тамақтануларына мүмкіндік берді. Бұл ойындардан біз де қалыспай, сыйлыққа тәтті сусындарды ұтып алдық.

Ал фуд-блогер Рохит Мовле осы шараға Үндістаннан арнайы келген. Бұл оның

Қазақстанға алғашқы сапары. Айтуынша, қазір әлемде FOOD FEST белең алып келеді. Әрине, ол ел мен жерді танытуға, ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға таптырмас мүмкіндік дейді.

«Мен бірнеше елдің асханасынан дәм татып көрдім. Осында келген соң, әрине ең алдымен қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы көбірек білгім келеді. Бізден ерекшелігі – сіздерде барлық тағамға ет қосатынын байқадым. Ал бізде теңіз өнімдеріне басымдық береді. Осындай шараларда әр елдің ас-суымен, жалпы мәдениетімен танысуға жағдай жасалады. Мен осының бәрін оқырмандарыма барынша жеткізіп беруге тырысып жатырмын», – дейді фуд-блогер Рохит Мовле.

Ұйымдастырушылар қала қонақтарымен ойындар ғана өткізіп қоймай, оларға ерекше әндерден шашу шашты. «Ice cream» тобы жанды дауыста түрлі халықтың әндерін орындады. Сондай-ақ, елімізге танымал «Орда» тобы мен эстрадамыздың жарық жұлдызы Қайрат Нұртас халықтың сүйікті әндерін орындады. Кеш соңында жастарға арналған би кеші ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Мамандардың айтуынша, туристердің 80 пайызы саяхаттарын жоспарлағанда елдің гастрономиялық жағын ескереді. Мұны әлемдік тәжірибе көрсеткен. Енді Алматы қаласы да туристерге көрікті жерлерімен қоса, гастрономиялық мүмкіндіктерін ұсынбақ.

«Біз бірінші кезекте осындай халықаралық деңгейдегі шаралар арқылы саяхатшыларды Қазақстанға шақырғымыз келеді. Әрине, Алматы асқар тауларымен, әсем табиғатымен танымал. Қаланың маңында көрікті орындар өте көп. Енді біз оған қосымша гастрономияны дамытқымыз келеді. Тек қазақ халқының ғана емес, Батыс, Шығыс, Азия елдерінің тағамдарын керемет әзірлейтін қоғамдық тамақтану орындары бар. Соларды ел-жұрт білсе екен дейміз. Фестиваль екі күнге жалғасты. Қала

тұрғындарына ұнағаны бізді қуантады», – дейді туристік ақпараттық орталық директоры Едіге Марғұлан.

Сондай-ақ, фестивальде барлық адам үшін әсемделген фотоаймақтар мен ойын алаңдары ұйымдастырылғанын атап өткеніміз жөн болар. Фестиваль қонақтарының көңіл күйін көтеру үшін аниматорлар шақырылған. Жеке компаниялар бағалы сыйлықтары бар сайыстар өткізді. Тағамдардан бөлек, «Абай» алаңында қолөнер жәрмеңкесі де ұйымдастырылды.

Осы ретте қала тұрғындары мен қонақтары ұйымдастырушыларға ерекше ризашылықтарын білдірді.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 464,76 теңге



USD/KZT 467,0 теңге



RUB/KZT 7,58 теңге



CNY/KZT 64,36 теңге